

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). - 2020. - №2 (105). - Б.22-29

ТҰЛПАР» АТ СПОРТЫ КЛУБЫНДАҒЫ ЖЕЛІСТІ ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Ө.С.Сұлтанов., доцент,
С.М. Жұмағазиева, аға оқытушы,
Д. Хұдайбергенова, магистрант
А. Мойнакбаева - магистрант*
*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Жеңіс даңғылы 62
sultan53@mail.ru*

Аннотация

Мақалада спорттық бағыттағы жылқы шаруашылығының Қазақстандағы даму дәрежесі мен мәселелері қарастырылған. Мақалада спорттық бағыттағы жылқы шаруашылығының дамуын көрсететін ат спорты клубтарының жағдайы және жылқылардың зоотехникалық сипаттамасын анықтау мақсат етіп қойылған. Берілген міндетті орындау мақсатында зерттеу нысаны ретінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында орналасқан ат спорт клубтарының даму жағдайы, қызметі негіз болды. Оның ішінде «Тұлпар» ат спорты клубының қызметі жайлы толық сипатталған және ондағы спорттық бағытта өсірілетін аттардың зоотехникалық сипаттамасына зерттеу жұмыстары жүргізілген. «Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқылардың зоотехникалық қасиеттерін толық сипаттау мақсатында, зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелер бойынша, зерттеуге алынған жылқы тұқымдарына бекітілген стандартпен салыстырылды. Зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелерге сәйкес, қорытынды жасалып, ұсыныстар айтылды.

Кілттік сөздер: жылқы шаруашылығы, дене өлшемдері, индекстер, тірілей салмағы, халықаралық ат спорт федерациясы, желісті жылқы тұқымдары.

Кіріспе

Қазақстандағы жылқы шаруашылығы - мал шаруашылығының дәстүрлі де маңызды саласы екені белгілі. Жайылымдық жерлердің молдығына байланысты ежелден қазақ жерінде жылқылар жыл бойыдаламызда бағып-күтіліп, арзан ет пен

қымыздың қайнар көзі болып келді. Егемен ел атанып нарықтық қатынастар белең алған тұста да бұл бағыт сақталып, қарқынды дамып келеді. Оны жылқы түлігінің Советтер заманындағы ең жоғары көрсеткіш 1млн. 700 мыңнан 2020 жылдың басында 2 млн. 800 мыңға

жеткені айғақтайды. Алайда, бұл саланың келешегі тек өнімділік, яғни етті-сүтті бағытпен ғана шектеліп қалуы жеткіліксіз. Жылқы шаруашылығының басқа салаларының да дамуына баса көңіл бөлген жөн. Сондай бағыттың бірі - спорттық жылқы шаруашылығы. Оның маңыздылығын мал шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда тек ат сайыс, ат спорты ойындарының ғана Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына кіргізілуі дер едік. 1912 құрылған Халықаралық ат спорты федерациясының (International Federation for Equestrian Sports) құрамына бүгінде 134 мемлекет мүше. Олардың арасында Қазақстан Республикасы да бар. Бұл жағдай бізге спорттық жылқы шаруашылығын дамытып, жоғары деңгейге көтеруді міндеттейді.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу жұмыстары 2018-2019 жылдарында Нұр-Сұлтан қаласы аумағында орналасқан «Тұлпар» ат спорты клубында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде «Тұлпар» ат спорты клубында өсірілетін аттар оның ішінде желісті жылқы тұқымдары алынды. Шаруашылықта өсірілетін жылқылардың зоотехникалық сипаттамасын анықтау үшін, жылқылардың зоотехникалық қасиетін көрсетеін: жылқы тұқымы,

Зерттеу нәтижелері

2019 жылдың басына «Тұлпар» АСК 12 жылқы тұқымына жататын 49 бас аттар болды. Оның ішінде таза қанды салт мініс

Өйткені, АҚШ, Қытай, Бразилия, Мексика, Аргентина, Біріккен Араб Әмірліктері және Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде спорттық жылқы шаруашылығы жақсы жолға қойылып, табыс көзіне айналған [1].

Еуропада ат спорты өнерінің экономикалық тиімділігі жылына 100 млрд. АҚШ долларымен бағаланады, АҚШ – та 39 млрд. АҚШ долларымен және Австарлияда шамамен 6,3 млрд. Австралиялық долларды құрайды. Қазірде ат спорты бойынша осы үш аумақ алдыңғы орын алады. Мұндай көрсеткіш ат спортының тек ойын – сауық немесе демалыс қызметінен артық екенін, сонымен қатар елдің экономикасына оң әсер ететінін көрсетеді [2].

өсірілетін аймағы, негізгі түр-түсі, жылқы малынан алынатын негізгі дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы), салмағы және өсімталдығы анықталды. Жылқы тұқымдары және түр – түсі, олардың жеке куәліктері арқылы, дене өлшемдерін өлшеуіш таяқ, өлшеуіш таспа арқылы, салмақтары Моторин әдісі арқылы анықталды.

тұқымы, ганновер, траккенен, буденный, орловтың желісті, орыстың желісті, қостанай, көшім және т.б жылқы тұқымдары

бар. Барлық жылқының 16 басы салт мініс, 20 бас желісті, 3 бас салт мініс-жегілетін жылқы тұқымдары, қалған 9 бас асыл тұқымды емес жылқыларды құрайды. Пайыздық қатынаспен көрстетенін болсақ, «Тұлпар» АСК жалпы жылқы басын 100% - деп алғанда, салт міністі – 33% , желісті жылқы – 42 % , тұқымсыз жылқы – 19%, салт мініс-жегілетін жылқы – 6% құрады.

«Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқылардың ішіндегі сан жағынан ең көбі желісті жылқы

тұқымдары. Олар негізінен Ресейде шығарылған тұқымдар. Желісті жылқылар еліміздегі жергілікті жылқының сапасын жақсартуға қолданылады. Оның айғырлары үйірге салуға, қолдан ұрықтандыруға ойдағыдай пайдаланылады. Сонымен бірге олар спорттық бағыттағы жұмыстарға да жарамдылығымен ерекшеленуде.

«Тұлпар» ат спорты клубында 20 бас желісті жылқы тұқымдары өсіріледі. Олардың сипаттамасы 1-кестеде көрсетілді.

1 кесте - «Тұлпар» АСК желісті жылқылардың сипаттамасы

Жылқы аты	Туған жылы	Түсі	Тұқымы
Кашмир	1999	қара	Орлов желісті
Орион	2002	қара	Орлов желісті
Ливень	2010	торы	Орлов желісті
Апельсин	2010	қара	Орлов желісті
Лексус	-	сұр	Орлов желісті
Ламбада	2010	торы	Орлов желісті
Памир	2012	қара	Орлов желісті
Джафар	2009	қара	Орлов желісті
Ахилес	2012	сұр	Орлов желісті
Герей	2011	қара-кер	Орлов желісті
Феррари	2017	жирен	Орлов желісті
Кабул	2013	сұр	Орлов желісті
Ансар	2016	қара	Орлов желісті
Ақтанау-Сайгак	2009	қара	Орыс желісті
Адмирал	2009	қара	Орыс желісті
Блик	2013	торы	Орыс желісті
Тост	2012	торы	Орыс желісті
Самара	2012	сұр	Орыс желісті
Павлуша	2009	қара	Орыс желісті
Қарақұйын	2011	қара - кер	Орыс желісті

1 - кестеден 20 желісті жылқы тұқымының ішінде 13 жылқы, яғни 75% Орлов желісті жылқы тұқымы,

ал 7 жылқы Орыстың желісті жылқы тұқымы немесе 25 %.

Сонымен қатар ат спортында жылқының жасы және жынысы

үлкен рөл атқарады. Жылқы малының жасы кіші болса, оларды ат сайысына қатыстыру айғырлармен салыстарғанда ұтымсыз болып келеді. Өйткені жылқының жасы үлкейген сайын оның ат сайыстарына икемділігі артады [3].

Жылқылардың зоотехникалық қасиетін көрсететін маңызды көрсеткіштің бірі - малды экстерьері мен конституциясына қарап бағалау, яғни сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасына қарап белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Экстерьер туралы қазіргі ілім малдың сыртқы пішіні мен қызметінің арасындағы байланыс барлығына, яғни диалектикалық даму ұғымына негізделген. Сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасы мен физиологиялық қызметтің арасындағы нақтылы байланысты П.Н.Кулешов сипаттайды [4] малға тәжірибе барысында дәлелдеген. Малдың дене бітіміне баға беру үшін, алдымен оның түр-тұлғасын зерттеу керек. Бұл тақырыпты П.Н. Кулешовтан басқа терең зерттеген орыс ғалымдары Богданов Е.А. [5], Лискун Е.Ф. [6], Свечин К.Б. [7],

Демин В.А. [8] және қазақстандық Барминцев Ю.Н. [9], Беляев А.И. [10], Садыков Б.Х. [11] секілді ғалымдар мал организмнің формасы мен қызметінің, дене бітімі мен өнімділігінің арасындағы байланысты дәлелдеп, экстерьерге баға бергенде малдың өнімділік бағытын басшылыққа алу қажет екенін дәлелдеген.

Малдың сырт пішініне қарап мына төмендегі селекциялық мәселелерді шешуге болады: 1 Дене бітімін бағалау; 2 Тұқымын немесе нәсілдік ұқсастығын анықтау; 3 Өзіндік жеке ерекшеліктері мен өнім бағытын (етті, сүтті т.б.) анықтау; 4 Жас ерекшеліктерін анықтау; 5 Өндірістік технологияға бейімділігін (желін формасы, көлемі, емінгінің түрі т.б.) бағалау; 6 Қоңың анықтау; 7 Денсаулығын анықтау.

Бұл істерді жүзеге асыруда көзбен көргенді толықтыратын маңызды көрсеткіш - малдың дене өлшемдері. Дене өлшемдері малдың даму көрсеткішін, экстерьерлік ерекшелігін сипаттайды [12].

Осыған орай желісті жылқы тұқымдарының дене өлшемдері алынды (2- кесте).

2 кесте - Орлов және Орыстың желісті жылқыларының дене өлшемдері (см)

Жылқы аты	Тұқым ы	Туған жылы	Шоқтығын ың биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
Кашмир	Орлов	1999	160	162,0	183	20,4
Орион	Орлов	2002	159,8	162,3	183	19,3
Ливень	Орлов	2010	160,3	162,0	175	20,3
Апельсин	Орлов	2010	160,3	162,0	180	20,3
Лексус	Орлов	-	158,9	162,2	172	20,0
Ламбада	Орлов	2010	160,8	162,3	180	20,3

Памир	Орлов	2012	160,2	162,2	167	18,5
Джафар	Орлов	2009	160,3	161,9	180	20,4
Ахилес	Орлов	2012	160,9	162,2	171	20,3
Герей	Орлов	2011	160,2	162,2	178	20,1
Феррари	Орлов	2017	160,2	162,1	175	18,5
Кабул	Орлов	2013	159,8	162,3	184	20,3
Ансар	Орлов	2016	160	162,3	169	18,9
Ақтанау-Сайгак	Орыс	2009	159	162,0	166	20,0
Адмирал	Орыс	2009	159,6	161,9	184	20,0
Блик	Орыс	2013	158,3	162,3	184	19
Павлуша	Орыс	2009	158,8	162,3	181	20,3
Самара	Орыс	2012	159,9	162,1	169	18,9
Тост	Орыс	2012	159,7	162,3	168	19,2
Қарақұйын	Орыс	2011	159,7	162,1	184	20,1

2 – кесте бойынша берілген мәліметтерге сәйкес «Тұлпар» АСК - да өсірілетін желісті жылқы тұқымдарының негізгі дене өлшемдері алынды. «Тұлпар» АСК - да желісті жылқы тұқымдарынан алынған дене өлшемдері бойынша: шоқтығының биіктігі – 158 – 160 см аралықты құрады, тұрқының қиғаш ұзындығы 162 см, кеуде орамы 166 см мен 183 см аралығын, жілншік орамы – 18,5-20,4 см аралығын құрады. Бұл көрсеткіштер бойынша желісті жылқы тұқымдарының стандартымен салыстырғанда үлкен айырмашылықтар жоқ. Талаптарға сай келеді деген тұжырым жасауға болады.

Жылқы малының келесі зоотехникалық қасиеті - тірілей салмағы. Жылқының тірілей салмағы - оның денесінің ірілігі мен

салмақтылығын дәлелдейтін көрсеткіш. Жылқының салмағына қарап оның өсіп жетілуін, дамуын және қондылығын бақылап отыруға болады. Жылқылардың тірілей салмағын анықтаудың ең дұрыс жолы арнайы мал өлшейтін таразыға өлшеу. Ал шаруашылықта таразы болмаған жағдайда, жылқының салмағын дене өлшемдері арқылы анықтауға болады. Мұндай әдістердің ішінде қолайлысы А. Моторин әдісі. Аталған кәсіпорында да таразыға қойып өлшейтін мүмкіндік болмағандықтан бізде жоғарыдағы әдісті қолдандық.

«Тұлпар» ат спорты клубындағы желісті жылқы тұқымдарының тірілей салмағы А.Моторин әдісі бойынша есептедік (3-кесте).

3-кесте – Орлов және Орыстың желісті жылқыларының тірілей салмағы

Жылқы атауы	Тұқымы	Кеуде орамы (см)	А.Моторин әдісі бойынша (кг)
-------------	--------	------------------	------------------------------

Кашмир	Орлов	183	478
Орион	Орлов	183	478
Ливень	Орлов	175	430
Апельсин	Орлов	180	460
Лексус	Орлов	172	466
Ламбада	Орлов	180	460
Памир	Орлов	167	382
Джафар	Орлов	180	460
Ахилес	Орлов	171	406
Герей	Орлов	178	448
Феррари	Орлов	175	430
Кабул	Орлов	184	484
Ансар	Орлов	169	394
Ақтанау-Сайгак	Орыс	162	352
Адмирал	Орыс	184	484
Блик	Орыс	184	484
Павлуша	Орыс	181	466
Самара	Орыс	169	394
Тост	Орыс	168	388
Қарақұйын	Орыс	184	484

«Тұлпар» АСК өсірілетін желісті жылқы тұқымдарының тірілей салмағы А.Моторин әдісі бойынша анықталды [13]. Мұндағы алынған мәліметтер бойынша, 5 бас жылқы жеңіл салмақты, 15 бас жылқы орта салмақты жылқы тұқымдары құрады, ауыр салмақты жылқы тұқымы кездеспеді. Проценттік жүйемен алғанда 25% жеңіл салмақты, 75% орта салмақты жылқы тұқымдарына жатқызуға болады. Соның ішінде Орлов желісті жылқыларының орташа салмағы - орташа көрсеткіші – 444,3 кг, Орыстың желісті жылқыларында – 436 кг құрады.

Жылқының зоотехникалық қасиеттерінің келесі түрі - оның түсі. Бұл әсіресе асыл тұқымды спорттық жылқы шаруашылығындағы маңызды белгі. «Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқылардың түсінің пайыздық қатынасын талдау барысында желісті жылқылардың негізгі түр түсі қара – 50%, торы – 20%, қара- кер – 10%, сұр – 10%, жирен – 10% екені анықталды. Ал оқулықтарда Орлов желісті жылқыларының жартысына жуығының түсі сұр болып келетіндігі айтылады. Бұл да болса аталған ат спорт клубындағы аттардың бұл белгі бойынша ерекшеліктерін көрсетсе керек.

Қорытынды

Малдың зоотехникалық сипаттамасы көбінесе оның биологиялық, шаруашылық ерекшеліктерін, оларды өсіру, азықтандыру, бағып-күту және пайдалану мәселелерін қамтиды. Ал экономикалық тұрғыдан сипаттау, өндірісті бір саласының өзіне тән даму заңдылығын зерттеу, шаруашылық жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін ғылыми дәлелдеу болып табылады [14].

Қорыта келгенде, «Тұлпар» ат спорты клубындағы негізінен желісті жылқылардың зоотехникалық сипаттамасының

кейбір көрсеткіштеріне жасалынған талдау олардың белгілі бір мөлшерде талаптарға сай екенін көрсетті. Дегенмен, бұл деректер алдыға қойған мақсат пен міндеттерге толықтай жауап бермейді. Сондықтан бұл бағыттағы алдағы зерттеулер аттарды азықтандыру, күтіп – бағу, жұмыс қабілеттілігі және т.с.с. мәселелерге арналады. Ал жалғасын табатын бұл жұмыстарға жоғарыда біз тоқталған зерттеулердің нәтижелері, алынған деректер алғышарт ретінде пайдалы болады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Федерация конного спорта Республики Казахстан: официальный сайт – Нур-Султан, 2016. – URL: <https://kazequestrian.kz/ru/konnyy-sport> (дата обращения: 10.03.2020)
2. Dashper K. Tools of the Trade or Part of the Family? Horses in Competitive Equestrian Sport//Web of Science SOCIETY & ANIMALS - Volume 22, Issue 4, 2014, P. 352-371
3. Dashper K. It's all about the sex, or is it? Humans, horses and temperament//Web of Science PLOS ONE - Volume 14, Issue 4, 2019
4. Кулешов П.Н. Выбор по экстерьеру лошадей, скота, овец и свиней. - М.:Сельхозгиз, 1937. 207с.
5. Богданов Е.А. Типы телосложения с.-х. животных и человека (общезоотехнические основы экстерьера).- Госиздат.-1923.-311с.
6. Лискун Е.Ф. Экстерьер сельскохозяйственных животных. М.: Государственное издательство с.-х. литературы, 1949. - 312с.
7. Свечин К.Б. Индивидуальное развитие сельскохозяйственных животных /Свечин К.Б.//- Ордена «Знак почета». Киев: Урожай 1976. - С. 286-290.
8. Демин В.А. Формирование отдельных экстерьерных признаков буденновской породы /Демин В.А.// Автореф. дис. канд. с.-х. наук. - М., 2002. -С. 12-13.
9. Барминцев Ю.Н. Эволюция конских пород в Казахстане /Барминцев Ю.Н.// Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. С. 112-123.

- 10.Беляев А.И. Методы и результаты улучшения лошадей казахской породы типа джабе./Беляев А.И// Автореф. дис. канд. с.-х. наук. - Москва, 1969. -15 с.
- 11.Садыков Б.Х. и др. Сравнительные показатели комплекции казахских и улучшенных лошадей /Садыков Б.Х.// Тр. Семипалат. зоовет. ин-та. Т.У. -Алма-Ата: Кайнар, 1971. -С. 43-49.
- 12.Бегімбетова Г., Исхан Қ. Жылқы шаруашылығы практикумы: оқу құралы. – Алматы: Нұр – Принт, 2014. – 16 – 22 – б.
- 13.Әкімбеков Б.Р. Жылқы шаруашылығы. Оқулық. ҚР Білім және ғылым министрлігі. - Алматы: Альманах, 2016. – 362 б.
- 14.Сұлтанов Ө.С., Қуантқан Б. Қазақтың қой шаруашылығы туралы алғашқы ғылыми еңбек // «Сейфуллин оқулары – 11» Респ. ғыл. – теор. конф. (Астана, 24.04.2015): Баяндамалар жинағы / бас ред. А.Қ.Күрішбаев. - Астана: С.Сейфуллин ат. агротех.ун-ті, 2015. – 1 том, 1 бөлім. – 194 - б.

References

1. Federatsiia konnogo sporta Respubliki Kazakhstan: ofitsialnyy sayt – Nyr-Sultan, 2016. – URL: <https://kazequestrian.kz/ru/konnyy-sport> (data obraeniya: 10.03.2020)
2. Dashper K. Tools of the Trade or Part of the Family? Horses in Competitive Equestrian Sport//Web of Science SOCIETY & ANIMALS - Volume 22, Issue 4, 2014, P. 352-371
3. Dashper K. It's all about the sex, or is it? Humans, horses and temperament//Web of Science PLOS ONE - Volume 14, Issue 4, 2019
4. Kuleshov P. N. Choice on the exterior of horses, cattle, sheep and pigs. Moscow: Selkhozgiz, 1937. 207 p.
5. Bogdanov E. A. body Types of agricultural animals and humans (General technical basis of the exterior).- State Publishing House.-1923.-311с.
6. Liskun E. F. Exterior of farm animals. Moscow: State publishing house of literature, 1949. – 312p.
7. Svechin K. B. Individual development of farm animals /Svechin K. B. / / - Order "Badge of honor". Kiev: Vintage 1976. - Pp. 286-290.
8. Demin V. A. Formation of separate exterior features of the budenovskaya breed / Demin V. A. // autoref. dis. Cand. S.-H. SC. - Moscow, 2002. - Pp. 12-13.
9. Barmintsev Yu. N. Evolution of horse breeds in Kazakhstan /barmintsev Yu. N.// Alma-ATA: Kazgosizdat, 1958. Pp. 112-123.
- 10.Belyaev A. I. Methods and results of improvement of horses of the Kazakh breed of the jabe type./ Belyaev A. I / / Autoref. dis. Cand. S.-H. SC. - Moscow, 1969. -15 p.

11. Sadykov B. H. et al. Comparative indicators of the complexion of Kazakh and improved horses / Sadykov B. H. // Tr. Semipalat. ZOOVET. in-TA. T. U.-Alma-ATA: Kainar, 1971. - Pp. 43-49.
12. Begimbetova G., Ishan Q. Jylqy sharýashylygy praktikýmy: oqý quraly. – Almaty: Nur – Print, 2014. – 16 – 22 – p.
13. Ákimbekov B.R. Jylqy sharýashylygy. Oqýlyq. QR Bilim jáne gylym ministrliги. - Almaty: Almanah, 2016. – 362 p.
14. Sultanov Ó.S., Qýantqan B. Qazaqtyn qoi sharýashylygy týraly algashqy gylym eńbek // «Seifýllin oqýlary – 11» Resp. gyl. – teor. konf. (Astana, 24.04.2015): Baiandamalar jinaғы / bas red. A.Q.Kúrishbaev. - Astana: S.Seifýllin at. agroteh.yn-ti, 2015. – 1 tom, 1 bólim. – 194 - p.

ЗООТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ВЕТРОВЫХ ПОРОД ЛОШАДЕЙ В КОННО-СПОРТИВНОМ КЛУБЕ «ТУЛПАР»

*О.С. Султанов доцент,
С.М. Жумагазиева., старший преподаватель,
Д. Худайбергенова., магистрант
А. Мойнакбаева - магистрант
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина
г. Нур-Султан, пр. Жеңіс, 62
sultan53@mail.ru*

Резюме

В статье рассмотрены проблемы в хозяйствах по выращиванию лошадей спортивного назначения, исходя из зоотехнических качеств лошадей, выращиваемых в спортивном направлении. В качестве объекта исследования был взят конноспортивный клуб в городе Нур-Султан. Для определения зоотехнической характеристики лошадей, выращиваемых в хозяйстве в конноспортивном клубе «Тулпар», отражают зоотехнические качества лошадей: порода лошадей, зона выращивания, цвет, основные размеры тела от конноспортивных лошадей: высота в холке, косая длина туловища, объем груди, обхват голени, живая масса и развитость, живая масса определена методом Моторина. Исходя из того, что зоотехнические качества лошадей в конноспортивном клубе отражают состояние их развития, анализ некоторых показателей зоотехнической характеристики конноспортивных лошадей в конноспортивном клубе «Тулпар» показал, что они соответствуют определенным требованиям, однако эти данные не в полной мере отвечают поставленным целям и задачам. Поэтому предстоящие исследования в этом направлении будут посвящены вопросам кормления лошадей, содержания, работоспособности и т. д. Мы считаем, что результаты исследований, полученные данные будут полезны в качестве предпосылок к продолжению этих работ.

Ключевые слова: коневодство, промеры тела, индексы, живая масса, Международная федерация конного спорта, рысистые породы лошадей.

ZOOTECHNICAL CHARACTERISTICS OF TROTTING BREEDS OF HORSES IN THE EQUESTRIAN SPORTS CLUB «TULPAR»

*O.S. Sultanov assistant professor,
S.M. Zhumagazieva senior lecturer,
D. Khudaibergenova., магистрант
А.Мойнакбаева. - магистрант*

*The Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University,
с. Nur-Sultan, Zhenis av.62
sultan53@mail.ru*

Summary

The article considers problems in farms raising horses of sports purpose, based on zootechnical qualities of horses raised in sports direction. A equestrian club in the Nur-Sultan city was taken as the object of the study. To determine the zootechnical qualities of horses raised on the farm in the equestrian club «Tulpar», reflect the zootechnical qualities of horses: breed of horses, raising zone, color, the main body size of equestrian horses: height at the withers, oblique length of the trunk, chest volume, leg circumference, live weight and development, live weight is determined by the Motorin method. Based on the fact that the zootechnical qualities of horses in the equestrian club reflect the state of their development, the analysis of some indicators of the zootechnical qualities of equestrian horses in the «Tulpar» equestrian club showed that they meet certain requirements, but these data do not fully meet the goals and objectives. Therefore, upcoming research in this direction will focus on issues of horse feeding, maintenance, performance, etc. We believe that the results of the research and the data obtained will be useful as prerequisites for the continuation of these works.

Keywords: horse breeding, body measurements, indices, live weight, International equestrian Federation, trotting breeds of horses